

«БЕКЕТ АТА» АТТЫ ИМАНДЫЛЫҚ-ТАҒЫЛЫМ КІТАБЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

2021 жылы қараша айының басында осы кітаптың тұсаукесер рәсімі Атырау қаласындағы Мұнай-газ университетінің концертке арналған үлкен залында болды. Бұл кешке «Бекет атаға» қатысы бар көптеген кісілер қатысты.

«Бекет атаға» өлең жазған автор ретінде менің де қатысуға мүмкіндігім болды.

Осы кітапты құрастырып, материалдар дайындап, оны ағылшын тіліне аударуға ұйытқы болған Бекет атаның тоғызыншы ұрпағы Ислам қажы Мырзабекұлы «Бекет ата» әнін орындаушы, дәстүрлі әнші, атыраулық Ажар Сейтенова арқылы маған да шақыру қағазын жіберген соң менің де қатысуға мүмкіндігім болғанына риза пейілімді білдірдім.

Жиын Атырауда қараша айының 3 күні өтті.

Кітапқа демеуші болған атыраулық ару Қазиева Айгүл Жолымбайқызы екен.

Көптеген ғалымдар және Бекет ата мен оның туған қарындасы Ақмаңдай әже ұрпақтары өз ойларын ортаға салды.

Бекет атаның туған қарындасы Ақмаңдай әже ұрпағы белгілі әнші, сазгер Гүлмайдан Сүндетова өзінің әжесіне арнаған әні менің сөзіме жазылған «Ақмаңдай әжені» домбырамен орындаса, «Бекет ата» атты менің сөзіме жазылған әнді Ажар Сейтенова өзінің шәкіртімен орындап, ел құрметіне бөленді. Олар орындаған ән текстері былай еді.

Ақмаңдай әже

Әні: Гүлмайдан Сүндетованікі
Сөзі: Бекемкүл Батырбекқызынікі

Аппақ әже ақмаңдай,
Сөзге шешен бал таңдай
«Әулие шеше» атанған
Мейірімді жан қандай?!

Қайырмасы

Аппақ әже Ақмаңдай,
Ұрпағыңа бақ қонғай!
Жалғасыңды жастарды
Аруағыңмен жүр қорай!

Айтқаны аумай келетін,
Киеңе елің сенетін.
Домалақ, Ұмай анадай
Аңыз болып келесің.

Қайырмасы

Бейітің Нарын құмында
Тәу етер қызың, ұлың да.
Рухың жетер ақ әже,
Ғұмырлардан ғұмырға.

Бекет ата

Әні: Ақнар Шәріпбаеванікі
Сөзі: Бекемкүл Батырбекқызынікі

Қысылған мен зарыққанды демеген
Алдағыны болжайтұғын көрген
Атын атап шын сиынған пендені
Аруағымен қорғап дәйім жебеген.

Қайырмасы

Мединада Мұхаммед,
Түркістанда Қожа Ахмет.
Маңғыстауда Пір Бекет,
Қасиеттері керемет.

Ұлысына ұран болған әрқашан,
Сәулетші ата тастан сарай
қашаған.

Ел жұртына жасағаны жақсылық,
Құдіретпен қуат берген жасаған.

Қайырмасы

Ұрпағына үлгі болған әр ісі,
Ілім-білім еңбегінің жемісі.
Аңыз болған есімі алты Алашқа,
Заманының қайталанбас ұлысы.

Бекет ата мен Ақмаңдай әже
Нәдірқожа жиендері. Мұхаммед
пайғамбардың қызы Бәтима мен
күйеубаласы Әлидің ұрпақтары.

Маған сөз кезегі келгенде жаңағы
орындалған әндердің жазылу тарихына
тоқталып, Бекет атаға әнді жазған
атыраулық қобызшы, ұстаз Ақнар
Шәріпбаева екені айтылды. Бұл жиынға
сазгер Ақнар да қатысты.

Жиынның алдында біз Ажар әнші
екеуіміз Атырауға бара жатқан жолда
Бейнеудегі және Ақмешіттегі Бекет
ата мешіттеріне барып, зиярат жасап,
шырақшыларымен танысып сыр тарттық.

Бейнеудегі шырақшы Бекет атаның
алтыншы ұрпағы Қалымбегі ата 80-нен
асқан кісі екен. Бізді жақсы қарсы алып,
біраз әңгімеге қанықтық. Ал Ақмешіттегі
Бекет ата туған жердегі мешітте Ислам
қажы да Бекет атаның тоғызыншы ұрпағы
екен, мамандығы ұстаз физик-математик.
Бұл бауырымыз аса кішіпейіл, көргені
көп, парасатты кісі екен. Бізбен бірге
Ақтөбеден зиярат жасай келген ағалы інілі
4 азаматпен, әпкелері балаларымен қоса
жүрген баршамызға дәм татырып, құрмет
көрсетті. Кенже ұлы Мұхамметжанға
айтып бізді Алтын адам табылған жерге
апарғызды.

Бұл сәттер маған ой салып өлең
болып өрілді.

Бейнеудегі Бекет ата шырақшысы Қалымбегі ата

Сексен бірге жасы жеткен қария,
Шуақ шашқан жылу құйып жаныңа.
Дастарқанда төрдің сәнін кіргізген
Пірі Бекеттің жалғасындай бұл ата.

Қайырмасы

Қасиет бабадан,
Атаға дарыған.
Еліне қадірлі,
Ардақты ақсақал.

Шырақшысы Бейнеудегі мешіттің,
Қамқоршысы, ақылшысы ел-жұрттың.
Ақ сақалы ашқан ата ажарын,
Парасатты ойларымен көрікті.

Қайырмасы

Рухани ұстаз екен талайға,
Үлгі өнеге ісіменен әрқашан.
Пірі Бекеттің алтыншы ол ұрпағы,
Қолын созған мұқтаж болған адамға.

Ислам қажы

(Ақмешіттегі Бекет ата мешітінің
шырақшысы)

Туған елдің тарихына бойлаған,
Парасатты тәрбиеші дана адам.
Танығанын тасқа басып ерінбей,
Ұрпағына кітап етіп ұсынған.

Қайырмасы

Ұстаз болған ұрпаққа,
Қасиет қонған бұл ата.
Танығанын жалықпай,
Жинақтаған кітапқа.

Қасиетті Бекет ата ұрпағы,
Көркем кісі келіскен түр тұрпаты.
Бауыр тартқан барша жанды өзіне,
Шуақ шашқан отты ойлы жанары.

Кесенеге Ақмешітте шырақшы,
Қызмет еткен ширек ғасыр тұрақты.
Шежіре қарт қамын жеген халықтың,
Ислам қажы әлі-дағы қуатты.

Бабаңызды таныстырып шетелге,
Ағылшынша аудартыпсыз жинақты.
Егеменді елімізді әйгілеп,
Жазбаларың ағылшынша тіл қатты.

Аралтөбеден табылған Алтын адам

Бекет ата туып-өскен Ақмешіт,
Тұнған тарих тағылымы мол
көл-көсір.

Талай жерден келіп тағзым етеді,
Тәңірі сүйген қасиетті ұлға бұл.

Дархан дала дастарқандай жайылған,
Сансыз тарих жатыр әлі танылмай.
Тағы да бір Алтын адам табылған,
Бекет ата туған жердің жанынан.

Сарматтардың көсемі екен деседі,
Бабалар ғой өмір кешкен көшелі.
Қадірлісі туған елдің бұл батыр,
Ұлыстары ардақтаған кешегі.

Аралтөбе аталады бұл мекен,
Жазық дала көз тартады тым көркем.
Тіршіліктің күсіндей бұрынғы,
Талай жандар жатқан ескі оба екен.

Бекемкүл қажы
БАТЫРБЕКҚЫЗЫ
Қазақстан Журналистер одағы,
Авторлар қоғамы, халықаралық
Жазушылар және Әлем халықтары
Жазушылар одағының мүшесі, Алтын
алқалы ана, «Абылайхан» алтын
медалінің, Генерал Сабыр Рахимов
және Қаһарман Бауыржан Момышұлы
медалдарының иегері

БІЗ СЕНЕМІЗ, МЫНА КҮНГІ ЖАСТАРҒА

Айтайық мына таңда біраз
жайды,
Кей адам өз сөзінен өзі тайды.
Болашақты елестетсек
онда бүгін
Жырымыз болу керек жастар
жайлы.

«Жастар – болашаққа апаратын
алтын көпір» дейді дана халқымыз.
Әрбір өскелең ұрпақ жеке
қабілетіне және кәсіби біліміне сай
қоғамымызда өз орнын табуы қажет.
Біздің әлеуметтік-экономикалық
даму жолындағы қарқындымыз,
жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі
ұстанымына олардың ертеңгі күнге
деген сенімі мен белсенділігіне
тікелей байланысты. Ендігі кезекте
тәрбие мазмұны мен жастарды
тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын
қалыптастыру және ақпараттық-
саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл
аударуға тиіспіз.

Біз сенеміз, таудың шыңы
асқарға,
Біз сенеміз, білімді бұл бастарға.
Алға ұмтылып, ізденетін
әр уақыт
Біз сенеміз, мына күнгі
жастарға!

Әрбір қазақ жастары өздерін
ұлтжандымын деп ұғынып, өн
бойларында ұлттық намысын жоғары
қою керек. Еліміздің бейбітшілік
аспанында қазақ жастары тәуелсіз
елдің айқын мақсаттарымен
жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға
жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін
ақтау – жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие
берудің бағдарлы идеяларын
Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың
«Қазақстан – 2030» атты еңбегінің
«Қазақстан мұраты» деп аталатын
бөлімінде: «...Біздің балаларымыз
бен немерелеріміз... бабаларының
игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі
заманғы нарықтық экономика
жағдайында жұмыс істеуге даяр
болады. Қашанда болашағын
алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың
қамын жаз ойла» демеуші ме еді...
Ендеше, Қазақстанның жарқын
болашағы үшін қандай да бір іс
тындыруға міндетті екенімізді естен
шығармайық! Сонымен қоса тағы бір
айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда
қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен
өзіміздің күтер үмітіміз орасан
зор. Себебі олардың бойындағы
қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты
көргенде, осы жастар біразды
таңғалдырар адам болады дейміз.

Қорыта келе, өскелең ұрпақтың
бойынан жақсы қасиеттерді көре
қалсақ, оның бәрі біздің көңілге
үлкен сенім ұялатары сөзсіз.
Неге десеңіз, бұл жастар біздің
болашағымыз, ертеңгі ел тірегі. Сол
себепті осындай бойында қазақы рух
тасып тұрған жастарды көргенде біз
келешекті жарқын елестете аламыз.

Қисыков Е., Қайырлы Д.Қ.,
Чаймаранова А.К.